

Ұлттық мәдениет: өркендеу мен даму мәселелері

ЛЭ 18-3

Тлеумбетов А.

Адиханов М.

Адамның шыр етіп дүниеге келген уақыттан бастап өскен ортасы, кеңістігінен алған мәліметтері мен танымдары негізінде қабылдаған құндылықтар дүниесі мен қам қарекетіне кең мағынада **мәдениет** деп қараймыз.

Мәдениеттің ең басты күретапырлары дін, дүниетаным, мағлұмат, тарихи сана мен жад.





Мәдениет ұлттың үздіксіз тарихи сабақтастығының жемісі мен жеңісі.

Сондықтан мәдениет дегенде ойымызға ұлттық дәстүріміз келеді.

Өйткені, ойымызды жеткізетін ұғымдарды дәстүріміздегі дүниетанымдық ұстындардан аламыз. Олар арқылы ана тіліміздегі ұғымдармен ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырамыз.

Осы ұстындар арқылы тек қана ойларымызды ғана емес ой-пікір, дүниетанымдық құндылықтар жиынтығынан тұратын мәдениетімізді де мирас етіп келешек ұрпаққа аманат етіп қалдыра аламыз. Басқаша айтқанда адам мәдениет тасушы болмыс болса, мәдениет те сол адамдық «менді» тасушы «аруана» сияқты.

Төл мәдениетіміздің айнымастан үздіксіз дамуын қамтамасыз ету керек десеңіз «күл астындағы қордай» сақталуы тиіс мәдени заңдылықтар мен қағидаларды анықтап алғанда ғана ұлттық мәдени дамуымыз соған орайлас бағыттталып, реттеліп отырары сөзсіз.

Осы орайда, Туркияның өткен ғасырдағы атақты ұлтшыл жазушысы Пейами Сафа «өткенін ұмытатындай жады жоқ, келешегін қиялдайтындай жаны жоқ, армансыз, үмітсіз ұлт үшін тарих керуенінде орын жоқ», дейді .

Сірә, мәдениет ұлттық болмысты анықтайтын «Мен» субстанцияға өз бояуы нәрімен сипат беріп отыратын ең негізгі ұйытқы күш. Ол «меннің» өмір сүруінің ең басты шарты.



- Бірақ бүгін өз болмысыңның орнын іздеп, ойланатын болсаң, Батысқа, «ой-орманға» жағынып, қабағын аңдып, «бірдеңе» дәметіп, телміретін қоғамның емес, егеменді еңселі Қазақ деген қоғамның өкілі ретінде «өз сөзім өзімдікі, қалаған алсын» деген Абайдың сарынына салып, «мәдениетіміздің кең жазирасына» оралу шарт. Өйткені, қазақтың «балалық шағы» өтті. Енді саналы, жауапкершілікті талап ететін егемендіктің, елдіктің талаптары мен жүгіне сай «болмыстық мәнді» өзгерту қажеттігін өзіңнің белгілі бір ұлттың, мәдениеттің өкілі ретінде қоғамдағы, әлемдегі орныңды жауапқа тартқанда ғана сезінесің.



- Бұл - өзімізді-өзіміз ретінде танып, танытудың арналы жолы мен өзекті де өнегелі мәдениетіміздің пензенттерінен сарғая күткен ертеңіне деген үмітінің ақталуы мен өз болмысының сақталуының ең басты шарты.
- Еркін ойлауды философияның өткені мен бүгінгі бүкіл мұрасын жоққа шығару немесе оған карсылық ретінде ұғынбауымыз керек. Өйткені, бұл жағдайда еркіндік керісінше құлдыққа айналуы мүмкін. Еркіндік өз әлемімізді тарихи жасампаздықпен үндестікте ұғынып, түйсініп қорыту арқылы қамтамасыз етіледі.

Қорыта келе, тіл және ойлаудың тазалығын қамтамасыз ету төл мәдениетімізді экологиялық кірленуден арылуы мен түлеуіне ықпал ететін қам-қарекет сонымен қатар ділінді алып шығатын желкен. Қоршаған ортаны, әлемді, өзімізді, тарихымызды басқаның тілімен, көзімен, ой-қалыбы терезесімен емес, «қазақы қазанымызбен» қайнатып көруге, тануға тырысқанда ғана төл тарихы бар мәдениеті бар, егеменді елі бар «мен» деп ауыз толтырып айта алатынымызды әлемдік тәжірибе айғақтайды.

Егер біз бүгін мәдениетіміз үшін жауапкершілік сезініп, қайғыра білсек, ол да ертеңіміздің ұрпағын ойлағанымыздан деген ойымды жинақтай келе «қайтсек өз мәдениетімізді» толыққанды тасушы бола аламыз немесе «менің бүгінге тасып, әлемдегі орнымды көрсетіп отырған мәдениет-анамызды қалай сақтай аламыз» деген қауіптен туған ойымыздың ойы-қырын ағайын өзі тарта жатар демекпін.

